

## Өнеркәсіп саясатын және отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдауды іске асыру жөніндегі мақсатты топ құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 15 қазандағы N 1039

Қазақстан Республикасы Президентінің "Елдегі жағдай, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы: жаңа ғасырда қоғамды демократияландыру, экономикалық және саяси реформа" атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Өнеркәсіп саясатын және отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдауды іске асыру жөнінде мына құрамда Үкіметтік мақсатты топ құрылсын:

Әблязов Мұхтар - Мақсатты топтың төрағасы, Қазақстан  
Қабылұлы Республикасының Энергетика, индустрия  
және сауда министрі

Ертілесова Жанат - Қазақстан Республикасының  
Жұрғалиқызы Қаржы министрінің бірінші  
вице-министрі, төрайым

Солдченко Роман - Қазақстан Республикасы Энергетика,  
Владимирович индустрия и сауда министрлігінің  
Экономикалық жоспарлау жөніндегі  
комитетінің төрағасы

Мәсімов Кәрім - Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі  
Қажымқанұлы Басқармасының төрағасы

Үмбетов Алтынбек - "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры"  
Смағұлұлы жабық акционерлік қоғамының президенті

Ескерту. Құрам өзгерді - ҚРҰ-нің »1998.12.07. N 1255 қаулысымен.

P981255\_

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.02.24. N 169 қаулысымен.

P990169\_

2. Үкіметтік мақсатты топ:

1998 жылдың 1 қарашасына дейін өнеркәсіп саясатын және отандық

тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдауды іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлесін;

- кәсіпорындардың төлем қабілетінің сұранысын генерациялайтын жұмысының;

- іріктемелі мемлекеттік қолдау көрсету үшін өнеркәсіптің өңдеуші салалары кәсіпорындарының мониторингін ұйымдастырсын;

Премьер-Министрге өнеркәсіп саясатын және отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдауды орындаудың барысы туралы жүйелі түрде хабарлап отырсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі